

Тәуелсіздік күнімен!



Сыр бойы

90 жыл



№188-189
(19866-19867)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

<https://twitter.com/syrboyi>

www.instagram.com/syrboyikz

14 желтоқсан /СЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

**Құрметті қызылордалықтар!
Қымбатты жерлестер!**

Сіздерді еліміздің ең басты ұлық мерекесі – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан тәуелсіз, демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекет мәртебесіне ие болды және әлемдік аренадағы ұстанымды берік бекітіп, бірлік пен гүлденудің символына айналды. Бұл күн – ата-бабаларымыздың сан ғасырлық армандары орындалған Ұлы күн.

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасы және Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың басшылығымен Тәуелсіздік жылдары Қазақстан мемлекеті үшін бірігу мен құрылу, жетістікке жету мен мақсатты идеялардың жүзеге асу кезеңі болды! Бұл – жеңіс пен жетістіктің, қалыптасу мен өзін-өзі дамытудың жарқын жолы. Ал, тұрақтылық пен қоғамдық келісім, жауапты сыртқы саяси бағыт республиканың халықаралық беделінің өсуі үшін сенімді негіз болды.

Тәуелсіздік жылдарында біз көптеген қиындықтарды бастан өткердік, терең жолдан өттік, мықты және гүлденген елге айналдық, орнықты дамуға және әлем мойындайтын дәрежеге қол жеткіздік.

Біз бүгінде Қызылорда облысын даму қарқыны өте жоғары өңірлердің қатарына кіретінін мақтанышпен айтамыз.

Өңір экономикасына салынатын инвестиция көлемі өсуде. Әлеуметтік сала, тұрғын үй құрылысы белсенді дамуда. Тек соңғы 3 жылда өңірде 2 млн шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді.

Шағын және орта бизнес, ауыл шаруашылығы дамуы. Биыл облыс күршілдері әр гектардан 60,3 центнерден өнім жинап, 530 мың тоннадан астам күрші салысы қамбаға құйылды. Осылайша, Сыр диқандары жана рекорды қол жеткізді.

Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының арқасында өңірде 24 индустриялық жоба жүзеге асырылды, соның нәтижесінде шикізаттық емес экспорт көлемі соңғы жылы 52% - ке артты.

Құрметті жерлестер!

Тәуелсіздік жылдарында біз кемелденіп, аяғымызға нық тұрып келеміз. Біз өз тарихымызды есте сақтап, өткенді бағалап, мемлекеттегі оң өзгерістер мен саяси тұрақтылықты көре білеміз. Алдағы уақытта да ең басты құндылықтарымыз – халықтың бірлігі, бейбітшілік пен келісімді нығайта береміз.

Бұл мереке біздің Отанымыз үшін, болашақ ұрпақтың игілігі үшін мақсаттарға жетуімізге әрдайым күш-жігер және сенімділік берсін!

Алда бізді жана жетістіктер мен жарқын жеңістер күтіп тұрғанына сенімдімін!
Баршаныңа жақсылық, зор денсаулық, отбастарыңа бақыт және молшылық, жана жетістіктер мен сәттілік тілеймін.

Тәуелсіз Қазақстанның бірлігі мен татулығы бекем болсын!

Тәуелсіз Қазақстанымыз өркендей берсін!

**Құрметпен,
Қызылорда облысының әкімі
Қ. ЫСҚАҚОВ.**



Тәуелсіздік арқамды сүйегенім!

Тәуелсіздік сан жылғы ұлы арманың, Шапағаты, айрықша сыйы Алланың. Еркін жазып қанатты еркін самғап, Қасиетті қолына ту алғаның.

Тәуелсіздік жарқырап атқан таңың, Қуанғаның, күлгенің, шаттанғаның. Болашаққа үмітті ұялатып, Өр жүрекке сәулеті жакқан шамың.

Тәуелсіздік күн көзі, ай нұрында, Бақытың да, бүгінгі байлығың да. Тәуелсіздік сан жылғы күрес, майдан, Тарихың, таланың, тағдырың да.

Ұлы далам, кен-байтақ ұлан далам, Сыңға түсіп, қаншама сыналмаған. Ата жаумен айқасты қаншама ерлер, Ұлы жорық жолында ұрандаған.

Ұлы далам, киелі, қасиетті, Қанша көрдің қырғанды, қасіретті. Аңдыған жау, алақоз шапқышымен, Алысумен ғасырдан ғасыр өтті.

Не көрмеді жайсын жер, жасын дала, Не болмады атажұрт басында да. Арбасумен, алысу, айқаспенен, Жиырмасыншы жеткенбіз ғасырға да.

4-бет.

4-бет.



Мерейлі сәт

Кеше Н.Бекежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрында Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты шара өтті. Еліміздің ең басты ұлық мерекесімен Сыр жұртшылығын облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов құттықтады.

Нәзірке САНИЯЗОВА.

– Бұл – ата-бабаларымыздың сан ғасырлық армандары орындалған күн. Биыл еліміздің тәуелсіздік алғанына 28 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде егемен Қазақстан етек-жеңін жинап, әлем картасында өз орнын дербес қалыптастырған мемлекетке айналды, – деді аймақ басшысы.

Осы уақыт аралығында Сыр өңірінде де аймақ дамуына серпін берер кырұар жұмыс атқарылды. 2019-2022 жылдарға арналған облыстың әлеуметтік-

экономикалық дамуының кешенді жоспары игі шараларды жалғастыруға сеп.

Салтанатты шара барысында мемлекеттік және кәсіби қызметте сіңірген еңбегі, елдің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуына қосқан елеулі үлесі үшін бірқатар азамат мемлекеттік наградаларға ие болды. Сондай-ақ, қайраткерлік қарым-қабілетімен, кадрлік қасиетімен танылған жерлестеріміз «Қызылорда облысының Құрметті азаматы» атанды.

Облыс әкімі Қ.Д.Ысқақовтың Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты шарада сөйлеген сөзі

**Қадірлі зиялы қауым!
Қымбатты жерлестер!**

Сіздерді еліміздің ең басты ұлық мерекесі – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер!

Тәуелсіздік – ең қастерлі де қасиетті ұғым!

Тәуелсіздік – таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті сөз.

«Ханның да, қараның да рухани өзегі – тәуелсіздік. Өзегінен айырылған ел өледі», – дейді дана халқымыз.

Қазіргі таңда әлемде 252 ел бар екен, оның 195-і гана тәуелсіз ел ретінде өмір сүруде.

Біріккен Ұлттар Ұйымына тек тәуелсіздігі танылған мемлекеттер ғана мүше бола алатыны белгілі. Осыдан-ақ қаншама мемлекеттің өз тәуелсіздігін ала алмай жүргенін аңғаруға болады. Соған қарап, өз тәуелсіздігіміз үшін тәубе дейміз.

1991 жылдың 16 желтоқ-

санында Қазақстан тәуелсіз, демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекет мәртебесіне ие болды және әлемдік аренадағы ұстанымды берік бекітіп, бірлік пен гүлденудің символына айналды.

Бұл күн – ата-бабаларымыздың сан ғасырлық армандары орындалған Ұлы күн.

Биыл еліміздің Тәуелсіздік алғанына 28 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде Тәуелсіз Қазақстан етек-жеңін жинап, әлем картасына өз орнын дербес қалыптастырған мемлекетке айналды.

Соған дейін халқымыздың басынан талай нәубет жылдар өтті.

XVII ғасырдағы Жоңғар шапқыншылығы Қазақ хандығының дамуын бірнеше ғасырға тежесе, XVIII ғасырда Шығыстан Қытай, солтүстіктен Ресей империясы, оңтүстіктен Хиуа, Қоқан хандықтары жоңғарлар бастаған дүрбеленді жалғастырып, халқымызды жан-жақтан талады. Өлсіреген

Қазақ хандығы отарлау саясатының құрбанына айналып, халқымыз 300 жылға жуық Ресей империясының бодандығында қалуға мәжбүр болды. Алайда, ұлт бойындағы азат рух, еркіндікке деген ұмтылыстың арқасында халқымыз өзгеге сіңісіп кетпеді.

Ал, XX ғасырдың басындағы ұлт зиялыларының тәуелсіз ел болсақ деген арман-мақсатын Кенесінің сүркія саясаты таптай түсті. Бас көтерген азаматтардың барлығын ату жазасына кесті. Қолдан ашаршылық ұйымдастырып, халқымыздың тең жартысын қырды. Алайда, рухы мықты қазақ қиындыққа төзе білгенмен, орнынан қайта тұруға шамасы да бар екенін 1986 жылдың желтоқсанында болған көтеріліс арқылы дәлелдеді.

Осылайша, 1991 жылы барлық азаматпен өтеуі ретінде тәуелсіздігімізге де қол жеткіздік.

3-бет.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРТУЫ

240 отбасы баспаналы болды



Тәуелсіздік тойы қарсаңында жергілікті жұрттың көптеп күткен арманы орындалды. Облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов 240 отбасыға Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан кредиттік көпқабатты тұрғын үйлердің кілтін табыстады.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ.

– Сол жағалауда жана қала салу идеясына қолдау көрсетіп, алғашқы тұрғын үйлердің құрылысын бастаған барлық құрылыс компанияларына қала тұрғындары атынан алғыс айтамын. Бүгін біз 60 пәтерлік көпқабатты 4 тұрғын үйдің кілтін табыстағалы тұрмыз. Құрметті жерлестер, қоныс тойларыңыз құтты болсын! – деді облыс әкімі. ҚР еңбегі сіңген құрылысшы,

құрылыс саласының ардагері Жеткерген Оразбаев та тұрғындардың қуанышымен бөлісіп, ақ батасын берді. Ал, тұрғын үйге қол жеткізген Қуаныш Нарынбаев бұл күннің қуанышын келе жатқан ұлы мерекенің шарапатына байланын айтып, ел ағаларына ризашылығын білдірді. – Бір үйге қол жеткізу – кез келген отбасының арманы. Бүгін



Суретті түсірген Б.ЕСЖАНОВ.

арманымызға қанат бітті. Тиімді «Нұрлы Жер» бағдарламасы арқылы біз де жана үйдің табылдығын аттамақпыз. Қуанышымызда шек жоқ. Алғыс айтамыз, – деді Қ.Нарынбаев. Қызылорда облысы тұрғын үй құрылысы бойынша республикада көшбасшылар қатарында. Соңғы жылдары 15 жана шағын аудан бой көтерген. 1000-ға жуық пәтердің кілтін табысталған. Облыста жүзеге асқан құрылыс жұмыстарының 31,4 проценті

қаланың үлесінде. Сәулеті келіскен сәтте жана қала да жана дамуда. Республикалық облыстық бюджеттерден 820 пәтерлік 16 көпқабатты арендалық тұрғын үй мен 830 пәтерлік 17 көпқабатты кредиттік тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Қаржыландырудың барлық көздері есебінен жалпы ауданы 381 мың 308 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 124,3 процентке артқан.

ҚАЙТАРҒАН АЗАТ КҮНІМДІ, ҒАЖАПТЫҒЫМДЫ,

■ ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі ұйымдастырған X Республикалық «Тәуелсіздік толғауы» конкурсы қорытылды. Жақында Нұр-Сұлтан қаласындағы «Конгресс холл» сарайында өткен салтанатты жиында конкурс жеңімпаздары марапатталды. Жеңімпаздар арасында Тәуелсіздікке арналған

үздік шығармалар «Күй, Терме, Жыр» номинациясы бойынша «Арқамды Тәуелсіздік сүйегенім» шығармасының авторы Махмұтбай Әміреұлына II орын дипломы тапсырылды.

Жырды белгілі жыршы Күнсұлу Түркпенова орындады.

Тәуелсіздік арқамды сүйегенім!

Өткен күнге жасайтын көп алаңым,
Қарсы тұрар зорлыққа жок амалым.
Ең алдымен біздің ел, халық көрді,
Жиырмасыншы ғасырдың зобалаңын.

Қатал ғасыр қатыгез қасарғандай,
Жақсылығын халқыма жасар қандай.
Төрткүл дүние тіреуін тітіреткен,
Төңкеріс те біз үшін жасалғандай.

Езу, жаншу, өктемдік ел есінде,
Еркіндіктің көрмедік елесін де.
Өз жерінде өзінді өгей еткен,
Орнағандай біз үшін Кеңесің де.

Таңдайына татқан аз малды қуып,
Белсенділер ауылға салды бүлік.
“Ұжымдасу”, “Тәркілеу” дегендермен,
Тең жартысын халқымыз алды қырып.

Талай түстік тағдырдың талауына,
Қаскөйліктің кездестік қамалына.
Алып кетті халқымыз бар асылын,
Жалған атты “Жау” деген жамады да.

Жау боп шықты елде ерлер жүргені үшін,
Қасиетті халқын шын сүйгені үшін.
Азапталды, атылды сауат ашып,
Азын-аулақ оқи да білгені үшін.

Тамұқ тағдыр ұға алмай тылсымдарын,
Есімде әлі мың өліп, мың сынғаным.
Жалынмен жер бетін жайпап өткен,
Сұм соғыста қиылды қыршындарым.

Соғыс жайын ұқты ма, ұқпады ма,
Күн көсемнің жарлығын құптады ма.
Жанған оттың, жау беттен жауған оқтың,
Біздің ерлер бірінші шықты алдына.

Біздің ерлер бірінші таймай кіріп,
Жаудың оғы жіберді баудай қырып.
Жойды солай халқымыз жас өскінін,
Соғыс деген сұрапыл салған бүлік.

Бұдан соң да сан көрдік зобалаңды,
Доптай болып тағдырым домаланды.
Қасиетті кең далам, тау құмымды,
Қаптап кеткен полигон орап алды.

Бізге болды канқоздің бәрі құштар,
Бұғауымен бұлтартпай бағып ұстар.
Ауыл, елдің жанында сынақ үшін,
Болып жатты атомдық жарылыстар.

Қадағандай сұм тағдыр сұсын қатты,
Халқым күнде азапқа түсіп жатты.
Аспаң, жерді қуырып жанымыздан,
Ғарышқа да кемелер ұшып жатты.

Тауым балқып, құм, тасым қуырылды,
Қаңсыды өзен кескендей бұрымымды.
Аралымын тартылған табанынан,
Ақ тұз шығып аспанда суырылды.

Адам дертті, Жер дертті, ауа дертті,
Басымыздан сан азап талай өтті.
Басқыншының төбеде ойнақтаған,
Көкірекке көп ісі салады өртті.

Бар байлығымыз аузына тығындалды,
Ала алмадық Алладан бұйырғанды.
Асылымды күн сайын теуіп, таптап,
Алтынымды көк тесік тынға алды.

Тілімнен де бездірді, дінімнен де,
Дәстүр, салтым, ән-жырым күйімнен де.
Желтоқсанда жеңдеттер тағы қырды,
Әділдікке жастарым жүгінгенде.

Топқа кірген ақ, адал көңілменен,
Қырды жасты Отаным, елім деген.
Жаным бар ма осылай егілмеген,
Қаным бар ма осылай төгілмеген.

Шыққандаймыз торлы көз тозақтан да,
Арып-ашып сан жылғы азаптан да.
Жиырмасыншы қаһарлы қанды ғасыр,
Болып шықты айрықша қазактарға.

...Токсаныншы жылдары теңдік алып,
Өз-өзіне келгендей енді халық.
Көгімізде көк байрақ көтерілді,
Жерімізге көп күткен келді жарық.

Қуаныштан нұр енді кеудемізге,
Еркіндіктен күй енді пернемізге.
Қолын созып көрсетті қолдауларын,
Сан құрлықтан сан түрлі ел де бізге.

Еркін, азат ел болдық Елбасы бар,
Беделімді бір билік белге асырар.
Халық үшін жаралған қайраткердің,
Қыдыр бабам қадамын қолдасын әр.

Алла, пірім жар болсын, жебесін де,
Алақанда бар бағдар, белесім де.
Айбынды елдің, бүгінгі айбатты елдің,
Айдарынан еркіндік желі есуде.

Тәуелсіздік арқамды сүйегенім,
Бейбітшілік, тыныштық тілегенім.
Жаңа ғасыр көгіне жайып қанат,
Жайнап өсіп, жаңарып түледі елім.

Түлеп жатыр қырым да, қырым да,
Бақыт, байлық нұр болып құйылуда.
Асқатқалды мәртебем көтеріліп,
Туым биік тұр бүгін тұғырында.

Асыл елімнің бүгін ақ ордасы бар,
Айбынды елімнің қаһарман Елбасы бар.
Жолбасшы елімнің сайын Елбасының,
Жолдауымен қамданып жолға шығар.

Айналайын асыл ел, алтын халық,
Айқын мақсат, алдында айқын бағыт.
Әлемдегі үздік ел етеміз деп,
Елбасың жүр алдында жарқыл қағып.

Әр сөзінен мейірім, шуақ тарар,
Әр ісінен халқым құш, қуат табар.
Болашаққа Елбасым жол бастаған,
Шамшырағы елімің сияқтанар.

Дара тұлға, дана ой таласы жоқ,
Бағыт, бағдар, іс қанша бағасы жоқ.
Сыр еліне айрықша қамқорлығы,
“Сыр – Алаштың қашаннан анасы” деп.

Дүйім дүние дүрлікпен дүрбелеңде,
Қанша міндет елім деп жүрген ерде.
Жаны бөлек сонда да Елбасының,
Қасиетті, киелі Сыр дегенде

Жібергендей Елбасы ырыс, бақты,
Жаңа леппен халқымыз тыныстатты.
Жадыратып әр ісі жанымызды,
Еңсемізді көтеріп, ту ұстатты.

Ел мүддесі, бақыты аңсағаны,
Бірге лаулар халқының жанса бағы.
Елбасымыз қуатқа, қолдаумен,
Дүр көтерді біздей бар саланы.

Күш атасын қашаннан танытқан ба,
Шағын қала салынды, зауыттар да.
Қиналмайтын болды ел бұрынғыдай,
Газ бен жылу, ауыз су, жарықтан да.

Айта алмайсың, сан істің тауып атын,
Қанша мектеп, емхана салынатын.
Тартылған көл, теңіз де суа толып,
Асау өзен болды енді бағынатын.

Бейбіт елді нұрлантаып тыныш жатқан,
Таң шапағын шашады шығыс жақтан.
Тәуелсіздік, еркіндік ел бақыты,
Еңсемізді көтеріп ту ұстатқан.

Тәуелсіздік бақытың тұрған күліп,
Ойың еркін, бүгінгі тұлған биік.
Тәуелсіздік көктегі шуақты күн,
Әр жүректі қуантқан нұрландырып.

Тәуелсіздік бүгінгі туым менің,
Туым үшін ешкімге иілмедім.
Тәуелсіздік сан жылдар аттан түспей,
Айқас, шайқас, мың өліп, тірілгенім.

Тәуелсіздік азат ел, ұлан далам,
Ұрыстарда ерлерім ұрандаған.
Тәуелсіздік тыныш таң, бейбіт өмір,
Төбемізден шуақты күн аумаған.

Дүбірлетіп байтақ жер, дүйім елді,
Жиырмасыншы еркіндік жылы келді.
Жарқын күндер жаныңды жадыратып,
Жүректерде қуаныш жиленді.

Тәуелсіздік сөнбейтін шырақ жағып,
Бойымызға кеткендей қуат дарып.
Әр жүрекке от берген, жылу берген,
Тәуелсіздік көкте күн сияқтанып.

Асқатқатып арман мен үмітті алда,
Қуанышпен тұрамыз күліп таңда.
Тәуелсіздік туын нық бұрық ұстап,
Ұлы тойды ұлы елім ұлықтауда.

Жүректерде жыр толқып, туалды ән,
Шындық артық ертеңнің қиялынан.
Тәуелсіздік туын нық көтеріміз,
Бүгінгі осы біздегі бір-ақ ұран.

Бейбіт елді нұрлантаып тыныш жатқан,
Таң шапағын шашады шығыс жақтан.
Тәуелсіздік, еркіндік ел бақыты,
Еңсемізді көтеріп ту ұстатқан.

Махмұтбай ӘМІРЕУЛЫ.



Ұлттың ұлы құндылығы

Жыл сайынғы Президенттің халыққа арнаған Жолдаулары мен қабылданған мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялық бағыттардың барлығы да қарапайым халықтың тұрмысын жақсартып, тәуелсіздігімізді нығайтуға бағытталды. Елбасы өз Жолдауында ішкі саяси және ұлттық қауіпсіздіктің 2020 жылға дейінгі негізгі мақсаттары қоғамда келісім мен тұрақтылықты сақтау, ел қауіпсіздігін нығайту екенін атап өтті.

Тәуелсіздіктің алғашқы сәттерінен бастап біздің мемлекет әлем алдында ашық саясат жүргізіп келеді. Оған дәлел – ТМД елдерінің ішінде Қазақстан алғаш болып ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі, Шанхай ынтымақтастық ұйымының сенімді мүшесі болуы – Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстарының дамуы мен халықаралық қатынастарда беделінің артуына зор мүмкіндік тудырды.

Алғашқы күндерге шегініс жасайықшы. Елбасының Мәскеу мемлекеттік университетіндегі 1994 жылғы тарихи кездесуінің алар орны айрықша. Оның айрықша болатыны, сол жиында айтылған идея негізінде Еуразиялық экономикалық одақ өмірге келді. Біз сон-

1-бет.

да Елбасының даналығына, оның әріден ойлайтын тұлға екенінің тағы бір куәсі болдық. «Әлем. XXI ғасыр» манифесті де Президенттің сұғыла саясаткерлігін аңғарта керек-ті. Сарыарқаның сайын дәлелінде Отанымыздың жаңа елордасы, өркендеу үстіндегі Қазақстанның орталығы – Астана бой түзеді. Жаңа елорда салу бастамасын алғаш Қазақстан Президенті көтергені баршаға мәлім. Ол кезде, тоқсаныншы жылдар ортасында бұл идея жүзеге асатынына сенгендер көп болған жоқ. Жаңа қала салу мен оған көшу көптеген онжылдықтарға созылады деп санағандар да болды. Бірақ олардың бәрі қателескен еді. Астана ең қысқа мерзім ішінде салынып, бүкіл еліміздің қаршыта дамуының нышанына, миллион тұрғыны бар ірі шаһарға айналды.

Қаланың бас сәулеткері шын мәнінде Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев болып саналады. Елбасының идеясы мен ұстаныстарының арқасында Астана Батыс пен Шығыс мәдениеті мен дәстүрін тоғыстырған көз тартар бірегей келбетке ие болды.

Мемлекет басшысының сызбасы бойынша «Бәйтерек» – Астананың және бүкіл елдің ең танымал бренді бой көтерді.

Ол елорданың жаңа бөлігінің дәл орта тұсында орналасқан. Оның басынан бүкіл қаланың әсем көрінісі көзге шалынады. Сонымен қатар, Қазақстан Президентінің суреті мен сызбасы негізінде «Хан Шатыр» бірегей сауда және ойын-сауық кешені салынды. Арнаулы полимерлік жабыннан жасалған кешен Forbes Style журналы нұсқасы бойынша, әлемдегі ең үздік он эгоимарат қатарына енді. Дүкендер мен павильондарға қоса, мұнда кинотеатр, көптеген аттракциондар, сұлулық салондары, тіпті аквапарк та бар. Мемлекет басшысы ойластырған тағы бір маңызды нысан – «Отан қорғаушылар» монументі.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу үшін Нұрсұлтан Назарбаев пирамида түрінде арнайы сарай салуды ұсынды. Бұл идеяны Норман Фостер табысты жүзеге асырды. Бүгінде Бейбітшілік және келісім сарайы – Астананың сәулеттік ансамблінің бөлінбес бөлшегі. Президент мәдениет орталығы, Ақорда резиденциясы және Астананың өзге де сәулетті ғимараттары да алдымен Нұрсұлтан Назарбаев сызған жоба түрінде пайда болған еді. Қазақстанның бүгінгі Президенті Қасым-Жомарт

Тоқаев Елбасының саяси бағытын сабақтастырушы тұлға ретінде халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға айрықша көңіл бөлді. Экономиканы жаңғыртудың, оны әлемде қалыптасқан жаңа жағдайға бейімдеудің жолдарын ұсынды, елде демократиялық үдерістердің дамуына зейін қойды.

Қазіргі есептеулер бойынша 2030 жылға қарай Қазақстанның әлемдегі ең үздік он эгоимарат қатарына енді. Дүкендер мен павильондарға қоса, мұнда кинотеатр, көптеген аттракциондар, сұлулық салондары, тіпті аквапарк та бар. Мемлекет басшысы ойластырған тағы бір маңызды нысан – «Отан қорғаушылар» монументі.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу үшін Нұрсұлтан Назарбаев пирамида түрінде арнайы сарай салуды ұсынды. Бұл идеяны Норман Фостер табысты жүзеге асырды. Бүгінде Бейбітшілік және келісім сарайы – Астананың сәулеттік ансамблінің бөлінбес бөлшегі. Президент мәдениет орталығы, Ақорда резиденциясы және Астананың өзге де сәулетті ғимараттары да алдымен Нұрсұлтан Назарбаев сызған жоба түрінде пайда болған еді. Қазақстанның бүгінгі Президенті Қасым-Жомарт

Тоқаев Елбасының саяси бағытын сабақтастырушы тұлға ретінде халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға айрықша көңіл бөлді. Экономиканы жаңғыртудың, оны әлемде қалыптасқан жаңа жағдайға бейімдеудің жолдарын ұсынды, елде демократиялық үдерістердің дамуына зейін қойды.

Қазіргі есептеулер бойынша 2030 жылға қарай Қазақстанның әлемдегі ең үздік он эгоимарат қатарына енді. Дүкендер мен павильондарға қоса, мұнда кинотеатр, көптеген аттракциондар, сұлулық салондары, тіпті аквапарк та бар. Мемлекет басшысы ойластырған тағы бір маңызды нысан – «Отан қорғаушылар» монументі.

■ «ДАРЫНДА» ДАРАЛАНДЫ

Мейірбектің мерейі

2006 жылы Жалағашта өткен Тәуелсіздіктің 15 жылдығына арналған облыстық ақындар айтысында мектеп оқушысы Мейірбек Сұлтанханды алғаш рет кездестірдім. Сөз саптасы ерекше, өзін сахнада еркін ұстайды. Он үш жасар баланың қарсыласқа қайтарып жатқан уәжі бет қаратпайды. Мен қазылар алқасының мүшесі едім. «Әлі оқушы ғой, ағаларының алдына салмай-ақ қояйық, алыпшұша сияқты» – деген пікір де айтылды. Бірақ, мен көңбедім, сол жолы оған бірінші бөйгені бердік.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.

Мейірбек алыпшұша емес, алысқа шабатынын дәлелдеді. Сонан бастап, барған жерінің бәріннен жүлдесіз оралған жоқ. Мен оны сырттай бақылап жүрдім.

2009 жылы Талдықорған қаласында өткен «Жыр алыбы – Жамбыл» атты республикалық жас ақындар айтысында бас жүлдені иемденді. Елордада қала күніне орай өткен дәстүрлі республикалық ақындар айтысының бас жүлдесін алды. Одан кейін талай жердің дәмін татып, талай бөйгені бөктерді.

Кейін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне оқуға түсті. Оқуға да құлшына кірісті. Айтысып қана қоймай, ұлт өнерінің қыр-сырына тереңдеді. «Қазіргі айтыс өнерінің синкреттілігі» деген тақырыпта диплом қорғап, педагогика ғылымдарының магистрі болып шықты.

Биыл «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты атанды. Атақты тапсыру рәсімі «Риксос» аталатын Президент отелінде өтіп, оны ҚР Премьер-министрінің орынбасары Б.Сапарбаев сөз сөйлеп ашты. Мейірбекке сыйлық «Қазақстан» ұлттық арнасы басқарма төрағасы Л.Танысбайдың қолымен табысталды. Көз алдымызда

өскен «өзі қол басындай, сөзі қорғасындай» Мейірбектің мерейі тасыған күн бәріміздің де ерекше қуанышымыз еді.

«Жаназардың жарқылдаған қылышы, Жақаевтың жайнаған ақ күрші».

Мықтылардан кім шықты емес, бұл жерден, Кім шықпады деп сұраның, дұрысы» – деп ақынның өзі жырлағандай, мен үшін осы күннен бастап Мейірбек ақын Шиелден шыққан тұлғалар биігін бетке алып, бел асты!

«Дарын» – екінің біріне бұйыратын сый емес. Тәуелсіздік жылдарында бұл атаққа 250 жас еге болыпты. Бұған дейін осы атақты Сыр елінен жырау Берік Жүсіпов, ғалым Амантай Шәріп алған еді. Биыл ел ішіне есімдері өте танымал болған үш жерлесіміз лайық болды. Олар – бокстан әлем чемпионатының 2 мәрте күміс жүлдегері Қамшыбек Қонқабаев, атақты мәнәреп сырғанаушы Елизабет Тұрсынбаева және Мейірбек!

– Мейіржан, елорда төрінен өз қаражатыңмен үй сатып алдың, өз еңбегіңмен атың алысқа танылды. Ұстазың әрі ағаң Мұқтар Ниязов секілді Сырды сағындырмай ауылға қайта келу ойың бар



ма? Ендігі мақсат не? – деп сұрақ қойдым мен оны құттықтап хабар алысқан кезімде. – Өке-шешемнің Арқаға көшкісі жоқ. «Алла разылығы ата-ананың разылығында» деген, біздің заң-заңуімізді сол кісілердің сөзі ғой. Мақсат – әуелі бас қурау, сосын елге қызмет ету, – деп жауап берді ол.

– Қайда жүрсен де аман бол, сүйелердің сарқыты. Қазағының қадірін арттырып, атын асқатқата бер!

Бұл сөз – киесін кеудесіне сақтаған Сырдағы барша ағайынның ақ тілегі!

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ.

ТӘУЕЛСІЗДІГІМЕН БАҚЫТТЫ ҚАЗАҚ БҮГІНГІ!



Дерек пен дәйек

Көне тарихқа, даланың шыншыл шежіресіне көз жүгіртсек, Сыр бойы берекелі-бірлігі бұзылмаған жұрттың Ұлы ордасы болғанын көреміз. Қиынқыстау күндерде ұлтқа пана, өзге талған өзгеге сая болған өркенді өңір жайлы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Сыр – Алаштың анасы» деген қанатты сөзінің түп-төркіні осында жатса керек.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесінің «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Нәтижесінде еліміз өз дамуында жаңа жолды таңдады. Бұл тарихи дата – әрбір қазақстандықтардың өміріндегі айтулы оқиға.

Мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан бастап Сыр өңірі дамудың жарқын жолына түсті. Облыс аудан орталықтарында, елді мекендерде әсем де сәулетті тұрғын үйлер, әлеуметтік-мәдени ғимараттар бой түзді. Жерінің асты мен үсті қазына-байлыққа толы өлкеміз бүгінде индустриялық-аграрлық облыс болуға бетбұрыс жасады. Тәуелсіздік жылдарында аймақта әлеуметтік, экономикалық, мәдени-рухани салалар, яғни білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша дамыды. Осы кезеңдегі өңір тарихына қатысты архив құжаттарына тоқталсақ:

1991 жылы 11 қыркүйекте «Қазақ КСР космостық зерттеулер агенттігін құру туралы» Президент Жарлығы шықты. Осы жылы 2 қазанда Токтар Ғубақировтің ғарышқа ұшуы еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі маңызды оқиға болды. Ұшқыш-сынақшы, тұңғыш қазақ ғарышкері Токтар Ғубақиров Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы, сондай-ақ, «Қызылорда қаласының құрметті азаматы» атағын алды. Қаламыздағы орталық көшелердің біріне оның есімі берілді.

1994 жылы тәуелсіз мемлекетіміз үшін тағы бір қуанышты жағдай болды. «Союз ТМ-19» ғарыш кемесімен Талғат Мұсабаев әуе кеңістігін бағындырды. Ал, 2015 жылы 2 қыркүйекте Айдын Айтмбетов ғарышқа самғады.

Арал өңірі тұрғындарының әлеуметтік мүддесіне бағытталған шаралардың барлығы маңызды. Десек те, мұндай шаралар тәуелсіздік жылдарында құлашын кен жайды. Халық алаңдаған теңіз тағдыры мен экологиялық ауыртпалықты жеңілдетуге нақты шаралар қолға алына бастады.

1993 жылы 26-27 наурызда Кіндік Азия мемлекеттері Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркіменстан мен Ресей Федерациясы басшыларының қатысуымен өткен Арал проблемасы туралы халықаралық Қызылорда конференциясы Аралды құтқарудың мемлекетаралық дәрежедегі жаңа қадамы болды. Конференцияның ең басты жетістігі – Арал өңірінің проблемаларын шешу, Арал аймағының экологиялық сауықтыру мен әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен іс-қимыл жасау жайлы келісімге қол қойылды. Мемлекетаралық Арал проблемасы бір аймақтың шеңберінен шығып, халықаралық сипат алды.

2001 жылы 11 тамызда Елбасы тапсырмасымен Қызылорда қаласында «Арал өңірінің экологиялық проблемалары» тақырыбымен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Арал аймағының проблемалары мен даму перспективалары, алда атқарылатын жұмыстар кеңінен тарақталды. Халықаралық кеңес Арал проблемаларын шешудің жаңа бағыттарын айқындады.

Қызылорда облысы – еліміздегі этносаия ахуалы тұрақты аймақтың бірі. Облыс халқының басым көпшілігін, яғни 96 процентін қазақтар құрағанымен, мұнда орыс, көріс, татар, өзбек, украин, шешен, сондай-ақ, түрік-месхет, неміс, белорус, грек, башқұрт, молдаван, эзербайжан, марий, ұйғыр, чуваш, еврей, мордва, қырғыз, армян, тәжік, удмурт, поляк, қытай, қарақалпақ және тағы басқа да ұлт өкілдері өмір сүреді.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдары облысымызда ұлттық-мәдени орталықтар құрылып, жұмыс жасай бастады. Облыстық архив қорында сақталған құжаттардан осы ұлттық-мәдени орталықтардың алғашқы қадамдары жайлы мәлімет аламыз. Алғашқылардың бірі болып облыстық татар қоғамдық орталығы (КОТОП) 1991 жылы 21 наурызда Қызылорда қалалық атқару комитетінде тіркелуді өтті.

1998 жылы 5 ұлттық-мәдени орталық тіркеуде тұрған. Олар – облыстық татар ҰМО, облыстық өзбек ҰМО, «Вайнах» облыстық шешен ҰМО, «Коре Сарам» облыстық корей ҰМО, «Славяне» ҰМО. Ал қазіргі уақытта облыстағы ұлттық-мәдени орталықтар саны 11-ге жетті. Жоғарыда аталғандардан басқа, немістің «Видергебурт» және түрік, грек, еврей ұлттық-мәдени орталықтары жұмыс жүргізуде.

1995 жылы әлемдегі ерекше институт – Қазақстан халықтары Ассамблеясы ҚР Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылған болатын. Сондай-ақ, 1995 жылдың 14 ақпанында облыс әкімінің Қазақстан халықтарының Қызылорда облыстық Кіші Ассамблеясын құру туралы қаулысы қабылданды. Бұл Кіші Ассамблея облысымызда ұлттық-мәдени орталықтар жұмысын үйлестіре отырып, ұлтаралық қатынастарды қалпында ұстауға өзіндік үлес қосып келеді.

Халықтың денсаулығын сақтау – ол мемлекет міндеті. 1992 жылы желтоқсанда Қызылорда облысында жаңа техникамен жабдықталған консультативтік-диагностикалық орталық ашылып, 22 дәрігер жұмыс істеді. 1993 жылы 20 қаңтарда диагностикалық орталық толығымен пайдалануға берілді. Осы жылы 9 мыңнан астам адамға қабылдау жүргізіліп, кенес беріліп, диагноз қойылды. Лабораториялық бөлімде гематологиялық, биохимиялық, иммунологиялық зерттеулер жасалды. Орталық қазіргі таңда ел игілігіне қызмет етіп келеді.

Сондай-ақ, 90-жылдардың ортасында, сол кезде Қазақстан бойынша ешбір теңдесі жоқ еуропалық стандартпен салынған облыстық медицина орталығының типтік ғимараты пайдалануға беріліп, қазір жылына 25

мыңдай адамға қызмет көрсетеді.

2009 жылы Ел Президентінің «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасына сәйкес, облыста жалпы 44 объект іске қосылды. Сонымен қатар, ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында облыс орталығында 200 төсектік перинаталдық орталық және бір ауысымда 500 келушіні қабылдай алатын калалық емхана құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

Білім жүйесінің өткеніне көз жүгіртсек, талай өзгерістер мен жаңалықтардың куәсі боламыз. 90-жылдардың басынан бастап орта мектептерде халқымыздың ұлттық ерекшеліктеріне қарай оқу-тәрбие ісін жүргізу мәселелері қаралды. Қазақ халқының тарихын, әдебиетін, өнерін, географиясын мен экологиясын, музыкасын, халық психологиясын мен этикасын тереңдетіп оқыту қарастырылды.

1992-1993 оқу жылынан бастап білім қызметкерлері нарықтық экономика кезеңіндегі өзін-өзі қаржыландыру мәселесін шешуге тырысып көрді. 2007 жылы «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасын іске асыру мақсатында облыста 7 мектеп, 2009 жылы Шилелі ауданындағы 640 орындық мектеп, ал 2010-2014 жаңа оқу жылы қарсаңында Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш аудандарында және Қызылорда қаласында жаңа мектептер пайдалануға берілді.

1999 жылдың 28 желтоқсанында «2000 жылды Мәдениетті қолдау жылы деп жариялау туралы» Жарлық шықты. Жыраулық өнер – біздің дархан даламызға, қазақ халқына ғана тән сирек, ғаламат өнер. Сыр елінің рухани құжаты – жыр дәстүрі. 2001 жылы тамызда Қызылорда қаласында республикалық «Ғасырлар үні» атты жыраулар конкурсы өткізілді. 2002 жылы 12 сәуірде халық шығармашылығының «Сырдария – жыр дария» атты облыстық өнер фестивалі ашылды.

ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген «Мәдени мұра» бағдарламасының бірінші кезеңінде, яғни 2004-2006 жылдары облысымызда мәдени мұраның сақталуын және тиімді пайдалануын қамтамасыз ету, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту, мәдени мұраны зерделеудің тұтастай жүйесін жасау бағытында біршама жұмыстар жүргізілді.

2004 жылы «Абай және Пушкин әлемі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция және осы жылдың қыркүйек айында Түркітілдес елдердің халықаралық «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты фольклорлық-музыкалық өнер фестивалі өтті. 2008 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасының екінші кезеңін жүзеге асыруда Нұрсұлтан қаласында Тұңғыш Президент музейінде «Сыр бойы – тұнған шежіре» атты Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің коллекциясынан көрме ұйымдастырылды.

2009 жылы желтоқсан айында Ә.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасы 400 мың кітап сақтау орны бар жаңа ғимаратқа көшірілді. Қызылорда облысында дене тәрбиесі мен бұқаралық спортты дамытуға, салауатты өмір сал-

тын қалыптастыруға, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерін басым дамытуға, халықаралық спорт арена-сында жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізу арқылы халықтың қызығушылығын арттыруға көңіл бөлінді. Токсаншы жылдардың басында облысымыздың спорттық базасын нығайту мақсатында спорттық ғимараттар құрылысы жүрді, 1992-1993 жылдары спорттық-сауықтыру кешендері пайдалануға берілді. 2001 жылы дайындалған Қызылорда облысында дене шынықтыру және спортты дамыту бағдарламасы арқылы облыс спортшыны жаңа өрлеу кезеңі басталды. Сол жылы дайындалған балаларға арналған мектеп-интернат ашылды, интернатта спорттың 7 түрінен 200 бала оқиды. Сондай-ақ, 1963 жылы негізі қаланған облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің көп жылғы еңбегі бағаланып, олимпиадалық резерв мектебі статусын алды. Ғ.Мұратбаев атындағы орталық стадион қайта жаңғыртудан өткізілді, «Дельфин» жузу бассейні, боулинг орталығы 40х60 метрлік спорт залымен қайта жөнделіп, «Евразия» спорттық-сауықтыру кешені болып пайдалануға берілді. 2004 жылдың ақпан айында 30 спортшыға арналған Олимпиадалық даярлау орталығы, 1 қыркүйектен бастап Қызылорда қаласында арнайы жеңіл атлетикадан мектептер ашылды.

2011 жылы Қызылорда қаласында теннис орталығының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді және спорт шеберлігі мектебі ашылды. Сондай-ақ, ойын және күрес залдарынан тұратын спорт кешені мен 3000 орынға арналған ипподром пайдалануға берілді. Ғ.Мұратбаев атындағы стадион маңайында спорт шеберлігін арттыру парк құрылды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін ел тарихында алғаш рет қоғам игілігі үшін 1998 жылы 22 желтоқсанда Қазақстан Республикасының «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Заңы қабылданды. Бұл заң еліміздің архивтері үшін үлкен жетістік еді. Елдің өркениетті даму деңгейі оның мәдени және тарихи ескерткіштермен, құнды жазбаларымен өлшенеді. Осыдан 15 жыл уақыт бұрын Елбасы Жолдауының негізінде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданып, шартапарқа пашылған мәдени, рухани құндылықтарымызды түгендеу, жоғалтпанымызды тауып, қалпына келтіру тапсырмасы берілген болатын. Осыған орай, шетел архивтерінен еліміздің тарихы мен мәдениетіне қатысты құнды құжаттар іздерісіліп, көшірмелері алынды.

2017 жылы желтоқсан айында сыйымдылығы 600 мың құжатты қамтитын жаңа типтегі 5 қабатты облыстық мемлекеттік архиві ғимаратының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі облыс тарихы туралы архив қоры құжаттары осылай сыр шертеді.

Жанат АЛТЫНБАЕВА,
облыстық мемлекеттік архивінің бөлім басшысы.

Бейсенбі күні облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың төрағалығымен мәжіліс өтіні, мереке қарсаңында аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосып жүрген бірқатар азаматтар марапатталды және кадрлық өзгерістер таныстырылды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Мереке қарсаңындағы марапат

Алдымен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыстық департаментінің басшысы Ардақ Ерсейітов жүргізілген мониторинг нәтижесінде Қызылорда облысы сыбайлас жемқорлық деңгейі төмен аймақ ретінде саналатынын айтып, жемқорлықтың алдын алуға үлес қосқан бірнеше азаматқа агенттіктің «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалін табыстады.

Онан соң облыс әкімі биылғы маусым айында Арыс қаласында болған төтенше жағдайға байланысты қаланы қалпына келтіруге көмек қолын созған азаматтарға, құрылыс компанияларына алғыс айтты.

– Биыл маусым айында Арыс қаласында орын алған төтенше жағдай барлығымыздың қайыстырып кеткені белгілі. Республика жұртшылығымен қатар сыр-бойылықтар да қарап қалмады. Алғашқы күннен бастап көмек қолын созды. Үш мыңға жуық жергілікті мемлекеттік қызметші бір күндік жалақысын аударып, кәсіпкерлер мен еріктілер қаржылай көмек көрсетті. Екі айда облысқа бөлінген 14 көшедегі 268 тұрғын үй қалпына келтірілсе, 4 үй жаңадан сатып алынып

берілді. Сыр еліне бекітілген аймақтағы құрылыс жұмыстары мерзімінде аяқталып, арыстықтардың көңілінен шыға білді. Бұл жөнінде ҚР Премьер-министрі Асқар Мамин өңір тұрғындарына қиын жағдайда қолдау үшін ризашылығын білдірген болатын, – деді облыс басшысы.

Бірқатар құрылыс компаниясының өкілдері мен құрылысшылар облыс әкімінің Алғысымен, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің «Құрметті құрылысшы» төселігімен марапатталды.

Онан соң аймақ басшысы орын алған кадрлық өзгерістерге тоқталып, жаңа лауазым иелерін таныстырды.

Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысы лауазымына Гүлмира Өтегенова тағайындалса, Ұлттық Экономика министрлігі Бәсекелестікті қорғау және даму комитетінің облыс бойынша департамент басшысы болып Еркін Орынбаев бекітілді. Сонымен бірге Қызылорда облысының білім саласындағы бақылау департаментінің басшылығына Ғалия Дәулетова келді.

Жас ғұмырдың жалыны

Қазақ үшін Тәуелсіздіктің қуны қымбат. Оны ата-бабамыз өмір бойы аңсап өткен. Ал кешегі жетпіс жыл үстемдік еткендер құл-құтанға теңдік алып берлік, ұлттардың мызғымас достығын қамтамасыз еттік деген. Әділетсіздікті өшкерелеген, көзқарастарын анық айтып, биліктің құлағына жеткізген, қол ұстасып алаңға шыққан жастар арасында жаңақорғандық қырандар да бар еді. Содан бері 33 жыл өтсе де желтоқсанның ызғары жанды қарып, қасірет пен өкініш жүректі сүйенетанды. Ойткені желтоқсан оқиғасына талай жастың тағдырына таңба салды.



Жаңақорған топырағының тумасы Ботагөз Әбілтайқызы Қарабаева аудан орталығындағы №163 Октябрьдің 40 жылдығы атындағы орта мектебін оқып бітірген соң екі жыл орталықтағы ХРСУ мекемесінде құрылысшы болып жұмыс істеді. Осы орында үздік еңбегімен танылып, КПСС қатарына өтті. Өзі жасынан сүйіп оқыған поні бойынша ҚазМУ-дың химия факультетінің студенті атанды. Желтоқсан көтерілісі тұсында 3 курста оқытын Ботагөз алаңда көзқарасын білдірген жастар сапына қосылды. Топпен бірге қамалып тергеуде болды. Ақыры 17-18 желтоқсан күндері жаппай тәртіпсіздікке қатысқаны үшін деген айыппен оқудан шығарылды. Амалсыз ауылға оралуға мәжбүр болған Ботагөз осы жылдары өндірістік комбинатта жұмыс атқарды.

1990 жылдары Мұхтар Шахановтан хат келіп, оқуын қайта жалғастыруға мүмкіндік алды. Еңбекке де, білімге де жанымен берілген, ешқандай қиындыққа мойымайтын Ботагөз университетті өз жақсы оқып бітіріп, магистратурада білімін жалғасты. Өз саласы бойынша ғылыми жұмыс қорғап, кандидаттық атағын алды. Бірнеше жыл ҚазМУ-да оқытушы, одан әрі «Қазтрансойл» мекемесінде қызмет атқарды. Шетелдік іссапарларға білікті маман ретінде Ботагөздің жиі шығатынына қарап оның ұжымда да

белделі, іскер екеніне тәнті болатынбыз. Қызмет ете жүріп ҚазМУ-дың заң факультетінде сырттай оқыды. Үнемі жүре-тінін, алға ұмтылуын әде-тінің бауырымын ер-азаматқа белгісіз ерік-жігеріне қызығатынымын. Оған арқа сүйейтінмін, кішкентай кезінен осындай табанды мінезіне бәрміз сүйсінетібіз.

Алаңға ақиқатты айтамын деп шығып, ақырында жаладан жаны күйзеліп, қысым көрген Ботагөз бір жағынан ел-жұрттың сөзінен қорықты. Ол қысқа ғұмырында қаншама іс атқарып, қатарының алды боп кетті. Тірі жүргенде ел игілігіне қызмет жасап, талай биіктен көрінер еді деген өкініш өзегімізді ортейді. Ғылым саласы бойынша алған марапаттары, жазып жүрген ізденістері бәрі-бәрі артында қалды. Ол 2010 жылы кенеттен екі күн ауырады да, бақилық болды.

Жылда Желтоқсан оқиғасына арналған шараларда Ботагөздің есімі аталмауы көңілімізді құлазытады. Ботагөзге Жаңақорған көшесінің бірінің атын берсе екен деген өтінішімізді айтып, аудан басшылығына да кірдім. ҚР Бас прокуратурасынан Ботагөздің ісі қаралған барлық материалдарды жинап алып келдім. Соңында жоқтаушысы бар асыл жанның аты өшпесе екен деймін.

Бурхан ҚАРАБАЕВ,
Жаңақорған кенті.



■ ТӘУЕЛСІЗДІК ТЕЛЕАРНАСЫ

Эфирде – «Qyzylorda» телеарнасы!

Осыдан 28 жыл бұрын Сыр елінің эфирінде тұңғыш рет облыстық телеарна өз қызметін бастады. Бүгінде IDTV, интернет арқылы Жер шарының кез келген нүктесінен Қорқыт жерінің жаңалығын көріп, біле аласыз. Біз 17 сағат бойы хабар таратамыз.

Ребрендинг

Телеарна атауына келсек, әдепкіде ОблТВ, КТВ, кейін «Қазақстан-Қызылорда», бүгінде «Qyzylorda» деген атпен бірнеше ребрендингтен өтті. Телеарна көрерменнің ел аумағындағы, аймақтағы жаңалықтармен, елді мекеннің тарихи-мәдени ерекшеліктерімен, туристік қабілетімен, инвестициялық тартымдылығымен таныстырып келеді.

Техникалық мүмкіндік ұлғайды

«Qyzylorda» телеарнасының техникалық мүмкіндіктеріне келер болсақ, қазір біз 16/9 форматында жұмыс жасаймыз. Өз күшімізбен заманауи үлгідегі бірнеше студияны іске қостық. Жаңадан декорациялар жасалды. Бейнекамералардың барлығы HD форматта жұмыс жасайды. Құнды дүниелерді сақтауға жана мұрағат сервері бар.

Мазмұнды контент қалыптасты

Біздің телеарна ұсынып отырған контенттің барлығы отандық өнім, оның ішінде өзіміздің өнімнің үлесі барынша басым.

Басты мақсатымыз – ел аймақ жаңалықтарын жедел жеткізу, көкейкесті мәселелерді шешуге ұйытқы болу, көрермен талғамына сай тәрбиелік мәнге ие танымдық дүниелер ұсыну, қазір қат қасиет, қажет дүние саналатын тарихи, мәдени, рухани құндылықтарды дәріптеу.

Тікелей эфир шығарылымдарына тоқтала кетсек, «Жаңалықтар» қызметі күніне 4 мәрте көрерменмен жүздеседі. Жаңалықтар бөлімінде тың серпіліс бар: беру әдісі өзгерді, бүгінде кез келген оқиға орнынан инновациялық құрылғы – энкодер арқылы тікелей эфир трансляцияларын жасай береміз. Бұл – үлкен жетістік! «Жаңа күн» хабары күн сайын танымдық тұрғыдағы дүниелерін ұсынады. «Өзекжарды» хабары аптасына 4 рет аймақтағы маңызды да өзекті мәселелерді талқыға салып, спикермен бірге көрермен сауалын сын садағына ала отырып, шешу жолдарын іздейді. «Өмірдің өзі» хабары – жетісіне 2 рет қоғамдық мәселелер бойынша ой қозғап, қылы тағдыр, түрлі оқиғаның куәсі болған кейіпкер бейнесі, толғау тоқсан тақырыптарды талайдың талқысына салатын бағдарлама. «Ұлт саулығы» арқылы тұрғындар денсаулық саласына қатысты барлық жаңалықтан құлағдар болып отыр. Өзін мазалаған мәселе бойынша студияға қоңырау соғып, сол жерде салалық дәрігерлерден кәсіби кеңес алатын мүмкіндігі

бар. Ал, «Жастар тайм» жұма сайын кіші буынның басын қосатын танымдық-ойын-сауық хабары ретінде көрілімі жоғары бағдарламаға айналды.

Бізге көрермен тарапынан жақсы, сауатты сарапшылар тобы жасақталған. Олар түрлі тақырып бойынша өз көзқарасын ортаға салып, пайымды пікірлерін айтып отырады. «Армысыздар, ойы азат, абыройы асқақ, иманы берік, қазақ елі!» деп басталатын «Үштаған» ақпараттық-сараптамалық бағдарламасы – елдегі, облыстағы маңызды тақырыптарды таразылап, көкейкесті мәселелерді түздіктеп, ашы да болса ақиқат дүниелерді көрерменнің ой безбеніне салып отырған хабар. «Үштағанда» айтылған әрбір мәселе жауапсыз қалып жатқан жоқ. Бұл ретте бәрі тең-тегіс тақтайдай өтеді деп те айта алмаймыз. Сын садағы қадалған кейбір тұлғалар өз дәйектерін айтып, тіпті, сотпен қорқытып жатады. Әрине, сын майдай жақпасы анық дүние. Біз құқықтық, зайырлы мемлекетте өмір сүріп отырғандықтан Заңға сай, Президент тапсырмасын басшылыққа ала отырып қызмет жасаймыз. Содан болар, «Үштаған» 2 мәрте республикалық дәрежедегі сыйлықтың иегері атанды.

Сенсацоналық дерек күнде табыла бермейтіні ақиқат, журналистиканың көңіл көтеру бағыты да бар. Реалити-шоу, трэвел шоу, телеэкспедиция форматындағы хабарларымыз бен отбасылық көрілімге бағытталған көркем бағдарламаларымыз бар. «Туған өлке» хабарын қараған адам Сыр елінің қаншалықты әдемі, дархан, тарихы терең, мәдениеті көркем екеніне көз жеткізеді. Бұл хабарды көрген бір көрерменіміздің: «мен өз еліме қайта ғашық болдым!» деген бір ауыз сөзінің өзі көп нәрсені аңғартса керек. Айта кетелік, бүгінде бұл бағдарлама мектептерде қосымша оқу құралы ретінде пайдаланылып келеді.

«Заң сөйлейді» хабарынан көрермен аймақтың криминалға алуалымен танысып қана қоймай, қылмысқа ұрынғандардың қандай жазаға тартылғанын көзбен көре алады, сот залындағы атмосфераны сезіне алады. Бұл өз кезегінде көрерменді «жаманнан аулақ» деген бағытта тәрбиелеудің бір көзі десе болады. «Заң сөйлейді» ҚР Жоғары Сотының тарапынан арнайы марапатқа ие болды. Ал, «Зангер кеңесі», «Юридическая консультация» аты айтып тұрғандай, тұрғындардан келіп түскен сауалдарға білікті заңгерлердің жауабын береді.

«Үш қағида» хабары – апта сайын мемлекет өміріндегі қоғамдық-саяси мәселелерді (Президент, Үкімет көтерген мәселелер) қамтып, соған қатысты жергілікті азаматтардың пікірін шоғырландыратын әлеуметтік шарайна.

«Емен-жарқын» – елге танымал тұлғалармен ашық та көретін хабар» деп баға береді бұған біздің көрермен қауым. Ал, көрермен бағасынан артық не бар?



мазмұнды сұхбат құруға бағытталған подкаст стиліндегі қызықты әрі мазмұнды хабар. Бүгінде телевидение Entertainment бағытында дамып келеді. Сондықтан біз танымдық және ойын-сауық бағытындағы хабарлардың «миксін» жасауды да ойластырғанбыз. Осы тұрғыда «Коктейль» – синтетик хабар деуге келеді, онда ақпарат та, қызықты деректер де, ойын-сауық бағыты да кәсіби тұрғыда ебін тауып, әдемі үйлескен.

«Қайырлы кеш, Қызылорда!» өнер адамдарының тұлғалық қасиетімен таныстыратын, жаңа қырынан танытып, талай қызықпен табыстыратын бағдарлама. Мәдени бренд болған бағдарлама десек те артық айтқандық емес. «Алғашқы минуттың соңғы минутына дейін жүзің жайнап отырып

ды. Бұл – номад бренд стиліндегі топтама.

Білім, спорт, ғылым бағытында да хабарларымыз бар, оны көрермен эфир арқылы жақсы біледі.

Бұл хабарлардың уақыты ұзақ емес, тіпті тым қысқа деп айтуға болады. Көрермен кейде «түз, тез бітіп қалады екен» деп жатады. Соған қарамастан қарап отыр. Ал, көрермені көп болса, рейтингі жоғары деген сөз. Бұл бағдарламалардың өміршеңдігінің негізгі себебі де осы! Айтары мен байқары көп біздің телеарнаың көрерменге деген тосын сыйы таусылмасы анық.

Интеграция игілігі

Көрерменге барынша жақын болу үшін біз барлық

лар назарға алынып отырады. Сайтымыздан бүкіл өнімimizi көруге болады. Бұдан бөлек, телеарна сурдоаударма қызметін ұсынып, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқын басты назарға ұстап келеді.

Үлкен істің басында мықтылар тұрды

«Өткенсіз бүгін жоқ, өткенді айтпай, бүгіннің құны жоқ» демекші, телеарнаың тізгінін ұстаған атпал азаматтар мен кәсіби қызметкерлерді елеп өтсек (өкінішке орай, кейбірі марқұм болып кетті): Жаксылық Бекқожаев, Әбдіжәлел Бәкір, Орынбасар

Кадрлық ұстахана

Біздің телеарнадан түлеп ұшқан қаншама журналист, режиссер, телеоператорларымыз бүгінде тек өз ісінің шебері ғана емес, елдің елеулі тұлғаларына айналып үлгерді. Есімдері жалпақ елге танымал Дана Рыммұхамедова, Орманбек Орынбеков, Нұрлыбек Сафин, Қазбек Ботаев, Зина Есмаханова, Ербол Қасымбаев, Дархан Әлібеков, Асылхан Нұрмағанбетов, Рауан Мынбаев, Айдын Нұрғалиев, Сауле Алдамұрат, Ғалымжан Байымбет, Нұрбек Әмиша, Айтмұхамед Байділдаев, Бағдат Әбдіқожаева, Әйгерім Есенәлі, Акерке Биятова, Райхан Тәжібаева, Руслан Айтмаңбетов, Нұрлан Жакыпбеков, Қамбар Бекенов, Қайрат Рабаев, тағысы тағы бар...

Ал, өнерге біздің телеарнаың төл жобасынан тұсауы кесілген мәдениет майталмандары қаншама?! Тахаун Рахметов, Бибігул Жанұзақова, Мәдина Садуақасова, Гүлнұр Оразымбетова, Алмас Кішкенбаев, Руслан Садықов, Өмірқұл Айниязов...

Кәсіби дәреже

Бүгінде «хайп», «тренд», «треш» деген нәрселер салтанат құрып жатқанда біздің хабарларымыздың алғы шептен шығып, үздік деп танылып жатқанына қуаныштымыз. Шығармашылық ортада, кәсіби ортада мойындалып жатқанымыз бізге үлкен мәртебе. «Qyzylorda» телеарнасы бүгінде өмірлер арасында үздік аймақтық арна атанып отыр. Жыл сайын «QAZAQSTAN» корпорациясы тарапынан жоғары баға ие болып жүрміз. Биыл да кадрлық саясат, тартымды әрі мазмұнды контент, интернет ресурстарымен жұмыс, мемлекеттік тапсырыстарды сапалы әрі мазмұнды орындау, коммерциялық табыс табу бойынша 1-орында тұрмыз! Бұл – жайдан-жай берілген баға емес, үлкен жұмыстың нәтижесі! Ал, түрлі байқауларда, конкурстарда алып жатқан марапаттарымыз өз алдына бір төбе. Оны санамаламай-ақ қойыық.

Кадрлық саясат

Кадрлардың біліктілігін арттыру біздің басым бағыттарымыздың бірі болып табылады. Жыл сайын қызметкерлер түрлі семинар-тренингтерде біліктілігін шыңдап отырады, корпорациядан өз саласының длігір мамандары шеберлік кластарын ұйымдастырып тұрады, одан бөлек, 3 жыл сайын аттестациядан өтеді. Бүгінде ұжымның 60 процентін жастар құрайды. Біздің барлық қызметкерлеріміз өз ісінің кәсіби мамандары: продюсерлер, редакторлар, режиссерлар, телеоператорлар, бейнемонтажерлар, дизайнерлер, бейнеинженерлер... Біздің командамызда болу үшін өз ісіне деген ыстық махаббат пен мықты сауат қажет! Ең бастысы, телевидениені шын сүю керек. Және телеарна – қазақ елінің айнасы екенін ұғыну, сол айнаға қараған адам еліміздің болмыс-бітімін, тыныс-тіршілігін көретінін түсіну. Бұл маңызды!

Есте ұстар мәселе

Бүгінде кім ақпаратты бұрын жеткізсе, соның үстемдік алатыны ақиқат. Сараптап, сұрыптап, нәтижесін айтып жатуға қалам ұстаған көпшіліктің уақыты да, шыны көрек, құлық да жоқ. Содан болар, олқы дүние, сапасыз материалдар шығып жатады. Мәселенің тәрбиелік бағыты көлеңкеде қалып қоятыны да жасырын емес, сондықтан біз өз тарапымыздан қоғамның халықтың санасын ұлттық мүддеге, рухани құндылықтарға бағыттауды мұрат көреміз.

Үнемі өзгеріс, жаңару, жаңғыру – біздің ұстанымымыз. Маңыздысы – көтерген тақырыбымыздың халықтың көңіліне шығуы. Біз – тыңдау мәдениеті биікке көтерілген елдің ұрпағымыз. Содан болар, жыр мұрамыз, айтысымыз қашанда қолдауға ие. Тыңдаушы мықты болғандықтан біздің, яғни, айтушының жауапкершілігі күшті болуы тиіс. Сол талаптан шығу үлесінде біздің телевидениенің ролі орасан деп білемін. Түптеп келгенде, бәрі де халық үшін болуы керек. Себебі біздің басты байлығымыз да, сыншымыз да, тілекшіміз де – халық.



әлеуметтік желілерде өз парақшамызды аштық: [facebook.com/kyzylordatv.kz](https://www.facebook.com/kyzylordatv.kz), [vk.com/kyzylordatv.kz](https://www.vk.com/kyzylordatv.kz), twitter.com/kyzylordatv.kz, [instagram.com/kyzylordatv.kz](https://www.instagram.com/kyzylordatv.kz) Біздің сайт: www.kyzylordatv.kz Аталған сайттарға келіп түскен барлық хабарлама-

Әлжік, Амантай Шәріп, Юрий Ефанов, Мұхамедия Абылаев, Мұрат Шалабаев, Баян Исламбаева, Айтқұл Шалғынбаева, Есенгелді Шілдебаев, Сахитжан Бермағамбетов, Гүлнар Құлмұратова, Несібелі Рахмет, Қаршыға Есімсейітовалардың есімдері телеарна тарихында алтын әріптермен жазылды.



«Ботакөз Тәте»

Мен ХХ ғасырдың ортасына таман өмір есігін ашқан, соғыстан кейінгі қасіреттің азабын татқан ұрпақтың өкілімін. Әкем соғыс басталысымен, сонау 1941 жылдың күзінде майданға аттанған. Бірден Сталинградты қорғаушылар сапына қосылады. Майдан даласындағы қанды қырғын толаст талай боздақ «Отан үшін жан пидә» деген ұлы ұранның құрбаны болған.

Арада 4,5 ай өткенде менің әкеме де оқ тиіп, жау қаруы қопарған үйіндінің астында екі күн дәрменсіз жатқан. Үшінші күні таңғы елен-аланды артка шегінген немістерді өкшелей қуып бара жатқан біздің жауынгерлер үйінді тоң топырақтың астынан шығып жатқан жылы демді көріп, дереу ашса тірі адам жатыр екен. Сол санынан оқ тиіп, құлаған жерінен тұра алмай қалыпты. Көре жарағы шығар, енді ұзаса... Содан далалық әдіспен ем-дом жасапты, жакын маңдағы ауруханаға салыпты. Жаракаты ауыр, катерлі деп табылып, әскери госпитальға жолдайды. Сонда 6 ай емдел, сол аяғының тізесінен төменгі жеріне ота жасайды да әскери медкомиссия енді «майданға да, еңбекке де жарамсыз» деп тауып, жауынгер Құланбайұлы Қаратайды мерзімінен бұрын елге қайтарады.

Мен ол кезде әкемнің қашан, қайда кеткенін, қайдан келгенін білмейтін едім. Ауыл адамдары сүйіншілеп шауып, бір-бірін құшақтап, біздің үйдің алдына жиналып қалды. Омырауы жылтырған заңақтарға (орден, медальдар) толы, екі қолтығында екі балдағы бар солдат кісі мені құшақтап жылап, айналды-толғанға бастады. Ештеменем ісім жоқ, екі көзім әкемнің омырауындағы медальдарда, ал ол әлі мені аймалап, көзінің жасын тияр емес. Ауыл адамдары да әп-сәтте жиналып қалды. Бірақ шат-шалдым-аң.

Арада қанша өткенін білмеймін, бірде... құтқарушылар, қуанғанның жылап-сықтап, әскерге кеткен балаларын, бауырларын сұраған топ сабырсыздық кезде үйімізге кешқұрым тағы да көршілер жинала бастады. Онда «Ардақ» деген жайлаудағы егінжай шетіндегі шағын ауылдың ортасында отырыптыбыз. Неге олай атайтын білмеймін. Ауылмыздың солтүстігіндегі жал-жал құмды жота қоршаған тұсты жұрт «Арка бет» деп атайтын. Ауыл балалары күндегі әдемітпеше, өрістен қайтқан малды қайырып, ойынның думанын қыздырып жатқанбыз. Осы сәт «Арка» тұстан қарауытып көрінген түйелі кісі бізге жақындай түсті. Жолы мал қайырып біреулерден сұраған болар, тура біздің үйдің артына келіп түйесін шөгертті. Екі көзім сол түйелі адамдарда. Кізі қоршаудан әуелі бір қыз, артынан ақ жаулықты ана түсіп, «бауырым, бауырым» деп дауыс шығарып, үйіме беттеді. Жанымда тұрған балалар «үйіңе бар, әскерден келген әкеңді құттықтауға келгендер го, тағы да» деп шу ете қалды.

Үйіме келсем көк қамзол киген ақ шашты ана әкемді құшақтап, әлі еңкілдеп жылап тұр. «Бауырым, жалғызым, аман келгеніңе құдайға мын мәрте шүкір» деп жатыр. Артында қыздары ормал тартқан, жасылы қойлағы бар бір қыз тұр. Ол әлсін-әлсін бетін басып, таңданысты кейіпін күлімдеп тұр. Сонымен қаранғылық басып, түн болды. Құттықтап келген көршілер де, қонақтар да ты-

ныстауға беттеді. Ыдыс-аяқ жуып, сыртта жүрген анам қонақтарды суыт таныстырды.

— Жаңағы үлкен кісі тәтенің (біз үй іші әкемізді тәте деуші едік) үлкен апасы, яғни тәтенің әкесімен бір туған, — деп қысқа қайырды. — Бұрын да талай келіп, желен-жебен жүрген қамқоршы бауырларымыз. Қасындағы кіші қызы Кәдеш. Тәтенің майданнан келгенін естісімен қуанып жеткен беттері го, қайтсін, сонау Сарысу өзені сыртында «Төсбұлақ» нұрасындағы төрт күндік жерден келіп отыр, бауырын сағынған го.

Шалғайдан келген қонақтар екі күн аялдады. Бауырлар әбден мауқым басты. Біз апамыз әжелген күрт, ірімшікті құныға жеп, қарқ боп қалдық. Апамыз өзін, тегін түгін қалдырып талдап шықты. — Мен осы әулеттің үлкені Бұлдыбайдың қызымын. Бұлдыбайдан Құланбай туған. Мына отырған Қаратай сол Құланбайдың ең кіші баласы, менің інім, ағамнан туған, — деп апамыз солдат киімімен отырған әкемді нұсқап, тағы егіліп алды. Бірақ оның бұл қылығын менің ерсі көрген жоқ. Қайта карт аның сол әрекеті енді ойласам соғыс зардабынан қамыққан жұрттың шерлі көңілдерін серпілдіргендей болды. Апамыз сөзін жалғады.

— Осы тұқымнан тірі қалған мына Қаратай әкеміз ғана. Ғазабат соғыстан тірі келді деген соң жата алмадың, бауырмыды көру үшін төрт күндік жерден түйемен келдім. Жетпіс беске келген шалым үйде, малына еге боп қалды. Мына кіші қызым Кәдеш мені бауырымамен табыстыру үшін және нағашы ағасын көру үшін әдейі ерлік келді. Үйіміз Сарысу бойындағы «Тезек» деген жерде. Жана айттым, шалым осы ауыл қолхоз болғаны соның түйесін бағамыз. Әмірде он екі құрсақ көтердім. Соның оның берген Алла өзі қайтып алды. Шүкір, екеуі ғана көз алдымда. Үлкен қызым қолхозда, күйеуі соғыста. Ол да күні-түні жол тосып, жақсылық күтіп отыр. Ал, балаларымын кішісі — мына қызымды айттым.

Ол кезде біздің жеке үйіміз жоқ еді. Отырғанымыз — егін қарауылдары мен шөпіштер жататын секектен салынған үйдің бір бөлмесінің бұрышы болатын. Апамыз қызы екеуі осы «бұрышты» екі қонып, ауылына қайтты. Жолға шығарды інісін құшақтап ұзақ дауыс шығара жылады да жұртқа естірте ақыл айтты.

— Көрмегенің жоқ, жаным, бай баласы деген жаламен Сібірге де айдалдың, апаршылық азабын да тарттың, сұм соғысты да көрдің. Шүкір, арты қайыр болсын! Енді өзінді күр. Ол үшін малға шық, таза ауа жұт. Өзіміз Қуатқа (қолхоз бастығы) айтып, малға шығарармыз. Күзге дейін жаңыңды күт, жаранды емеді, — деп апамыз тұс ауа ауылына қайтты.

Барын есейе келе кейін зерттеп, білдім. Әкем күзге дейін аяғын (соғыс жарасын) емдетіп демалыпты. Күздің ақшуақ күндерінің



бірінде әкемді қолхоз басшысы шақырып, жағдай сұрап болған соң:

— Аман келгенің жақсы болды, шырағым, енді еңбекке шық. Қандай жұмысқа жарайсың, дәрігерлер не дейді?

— Соғыстан басқаның бәріне.

Бөлме ішін дү күлкі кернеді.

— Онда күзге қарай бір отар қой берем. Малдың жайын жақсы қылып деп естідім. Жолың болсын!

Күн суыта бастасымен ферма басшылары бізді кең бөлмедегі үйге (жер келпеге) көшірді. Екі-үш күн өткен соң әкем жарты отардың иесі болды. Есімде отарымыз күн сайын көбейе берді. Қайдан, кімнен келіп жатқанын білмеймін, әйтеуір күнде қойға қой қосылып жатады, көбісі ірі, еркек қойлар, үйізді қошқарлар. Бәрін Кәдеш тәтем санап алып, отара қоса береді. Бір күні айналанды түгел ақ қар басты. Ызғар басталды. Кәдеш тәте бір бөлек қойды санап отараға қосты да әкемді құшақтап:

— Тәте, (ол кісі де менің әкемді тәте дейтін) бүгін отарыңыз толды. 669 бас қой қабылдадық.

Аудан басшылары осыдан бұрын ауданның аса қажетті мұқтажына, қонақтарға жарату үшін құнан қой отарын жасақтап, қалаға жақын осы «Кооператор» ауылынан отарын өсіру туралы қаулы еткен екен. Міне, сол құнан қой отары осы. Отара айрықша көңіл бөлінді дегенді естідік. Қой бағуына қыстық қоржай, екі қолқ бөлінді, бірақ қыстық жемшоп берілмеді. Сөйтіп, әкем заңды қойшы таяған ұстады. Алғашқы жарты жыл үй ішімізге қалың уайым әкелді. Әкеміз қолқе мінің, қайта түсе алмайды, түсе кайта өздігіннен қолғине мүлсе алмай жаяу қалады. Шешемнің көрші шопандардың, жақын жерде болса, кішкене менің, арақиді Кәдеш тәтемнің көмегінің арқасында жайлауға шығысымен бұл қырықтан да құтылды-ау. Әкеміз қырға шыққанын қолқе өзіне еркін мініп-түсетін болды.

Қазақ дәстүрінде жасы кіші жандарға, көптеді кісілерге сыйластықтың белгісі ретінде жүйне ат қойылатын әдет бар. Мәселен, ауыл біткен Батихан апамызды «Белімай апа» деп атаған. Оған себеп — апамыз үнемі белі ұстап, еңкейіп жүруші еді. «Балалары көп өлген сол солардың қайғысынан белі бүкпейіп қалды» деп менің анам жиі айтып отыратын. Осы ат тергеу дәстүрімен менің аманым Кәдешке қойған аты «Ботакөзім» болатын. Фермадағы ауыл балалары түгел осы ізбен

Кәдешті «Ботакөз тәте» деп атап кеттік.

Күндер, жылдар өтіп, біздерді де егделік билей бастаған кезде Қиянбек қызы Кәдештің аяқар-көркі, мінез-құлқы, жұртпен қарым-қатынасы, қамқорлығы, саяси өресі, жақсылыққа және құмарлығы, қолының ашықтығы еске оралып, сол сәттер сағынта беретін болды.

Шынында «Ботакөз тәтеміз» аяқары, екі көзі күлімдеп тұратын аяқарқын жан болатын. Адамдармен тез тіл табысып, күліп сөйлесетін. Фермада өсетін болды, әр малының үйін аралап, оларға жақсылық айтып, көңілдендіріп кететін. Соғыстың біткені, біздің жайлауға Сарысу даласына кештеу жетті. «Қоқалар» қүйылысында жайлап отырған Жезқазған облысы малшыларынан соғыстың біткенін, жегенімізді естіген Кәдеш «Қоқалардан» атымен Сырдария ауданы малшылары отырған қоныстарды аралап, бір апта ішінде елге жақсылықты түгел хабарлап шығады. Бірде қолына Жәніс жөнінде үкімет хабары басылған газет түсіп, елден отырған елге оқып берді. Ботакөз тәте ауылына қайтқан соң журналидан оқығанын, нағашысы соғыста көргенін әлсін-әлсін әсірелен айтып берді.

«Ботакөз тәте» сол жоқшылық жылдардың өзінде елге жақсылық жасап, малын қауымды желен-жебен жүруші еді. Бірде біздің көркісіз қоста отырғанымызға намыстанып, киіз бастырып, кереге алдырып, үстімізге алты қанат киіз үй тіктіріп бергені бар. Тәтемнің қолқарлар. Бәрін Кәдеш тәтем санап алып, отара қоса береді. Бір күні айналанды түгел ақ қар басты. Ызғар басталды. Кәдеш тәте бір бөлек қойды санап отараға қосты да әкемді құшақтап:

— Тәте, (ол кісі де менің әкемді тәте дейтін) бүгін отарыңыз толды. 669 бас қой қабылдадық.

Аудан басшылары осыдан бұрын ауданның аса қажетті мұқтажына, қонақтарға жарату үшін құнан қой отарын жасақтап, қалаға жақын осы «Кооператор» ауылынан отарын өсіру туралы қаулы еткен екен. Міне, сол құнан қой отары осы. Отара айрықша көңіл бөлінді дегенді естідік. Қой бағуына қыстық қоржай, екі қолқ бөлінді, бірақ қыстық жемшоп берілмеді. Сөйтіп, әкем заңды қойшы таяған ұстады. Алғашқы жарты жыл үй ішімізге қалың уайым әкелді. Әкеміз қолқе мінің, қайта түсе алмайды, түсе кайта өздігіннен қолғине мүлсе алмай жаяу қалады. Шешемнің көрші шопандардың, жақын жерде болса, кішкене менің, арақиді Кәдеш тәтемнің көмегінің арқасында жайлауға шығысымен бұл қырықтан да құтылды-ау. Әкеміз қырға шыққанын қолқе өзіне еркін мініп-түсетін болды.

Қазақ дәстүрінде жасы кіші жандарға, көптеді кісілерге сыйластықтың белгісі ретінде жүйне ат қойылатын әдет бар. Мәселен, ауыл біткен Батихан апамызды «Белімай апа» деп атаған. Оған себеп — апамыз үнемі белі ұстап, еңкейіп жүруші еді. «Балалары көп өлген сол солардың қайғысынан белі бүкпейіп қалды» деп менің анам жиі айтып отыратын. Осы ат тергеу дәстүрімен менің аманым Кәдешке қойған аты «Ботакөзім» болатын. Фермадағы ауыл балалары түгел осы ізбен

Өтеген ЖАШПАРХАН,
Сырдария ауданының
Құрметті азаматы.

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

Архив деректерімен танысты

Тәуелсіздік мерекесіне орай, облыстық мемлекеттік архивте «Тәуелсіздік — егемендіктің тұғыры» атты кездесу өтті. Желтоқсан құрбандарын еске алу, архив құжаттары арқылы Сыр елінің тәуелсіздік жылдарындағы жетістігін таныстыру мақсатындағы шараға бірқатар сала маманы қатысты.

Жиында Қорқыт ата атындағы ҚМУ профессоры, тарих ғылымдарының докторы Т.С.Төбай ядролық қараудан бас тарту туралы шешім қалай қабылданғаны, егемендіктің айтағындай болып бой түзген Елорданың Ақмола көшірлігі туралы тарихи деректерді баяндады. Ал, желтоқсан оқиғасына қаты-

сушылар, сол кездегі Алматы мемлекеттік театр және көрнек сурет институтының студенті Аманбай Қанетов пен Күләш Жанболатова елді дүр сілкіндірген оқиғаның қалай басталғаны туралы сөз қозғады. Әсіресе, төрт студент бола-ақ көшірлігі туралы тарихи деректерді баяндады. Ал, желтоқсан оқиғасына қаты-

далған А.Қанетовтың естелігін оқушылар ұйып тыңдады. Бұл күні тәуелсіздіктің бүгінгі ұрпаққа деген тартуы, Елбасының Сыр еліне сапары, отыз жылға таяу уақыт ішінде облыстың қалай өзгергені туралы маңызды деректер айтылды. Сондай-ақ, шарада Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейінің оқушылары тәуелсіздік тақырыбында өлең оқып, кәсіпкерлерге қатысты айтулары білдірді. Кездесу соңында қатысушылар архив қоры құжаттарынан әзірленген «Тәуелсіз елдің тарихи шежіресі» атты көрмені тамашалап, қор сақтау қоймаларымен танысты.

Челленджді студенттерге жолдады

Мереке қарсаңында «Тәуелсіздік — тұғырымыз» атты жалпыреспубликалық челленджді жүргізуде. Жас ұрпақтың елге деген құрметін еселейтін бастаманы жоғары оқу орны, колледж студенттері, мектеп оқушыларымен қатар балабақша бұлдіршілері де қолдауда.

Облыс орталығында М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжнің жастары жалпыреспубликалық челленджді

қабыл алып, облыстағы барша студенттерге жолдады.

Жас ұрпақтың еліне деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық тәрбие беру мақ-

сатында өткен жалпыреспубликалық челленджде үн қосу, қолдау шарасына 1200-ден астам студент пен оқушысы қатысып, барша қазақстандықтарды Тәуелсіздік мерекесімен құттықтады. Сондай-ақ, «Елім менің» әнін шырқап, әуеге шарлар ұшырды. Ерекше форматтағы патриоттық шараның жас ұрпақтың отанышылдық сезімін арттырып, азаматтық бағасын білуге шақырары анық.

Тірегіміз — тұтастық

Қазылы ауданы Басықара ауылында №182 орта мектеп пен ауылдық клубтың ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік тірегі — тұтастық» атты салтанатты жиын өтті. Шараға ауыл әкімі Мұратбек Бекмамбетов, мектеп директоры Жетібай Таңмамбетов және ауыл тұрғындары қатысты.

Мерекелік кеште ақындар жыр оқып, дәстүрлі ән айтылды, би де білгенді. Клубтың хор мүшелері жоғары деңгейде өнер көрсетті. Жиынға

қатысқан ардагер ұстаздар мен ауыл тұрғындарының қызығушылығы жоғары. Сонымен қатар, алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі

«СБ» ақпарат.

Құжаттар сапалы өңделеді

Сыбайлас жемқорлық — мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерде тамырын жайып, жойылмай отырған кеселдің бірі. Әлем елдері бұл қылмыспен күресте бір-бірімен тығыз байланыста.

Жемқорлықты болдырмау, оның алдын алу, заманауи талаптарға сәйкестендіру барысында қазынашылық жүйесіне көптеген өзгеріс енгізілді. Мемлекеттік қызметкерлермен ашық, еркін әңгіме жүргізе отырып, ескерту жасау, сыбайлас жемқорлықтың қылмыс екенін, оның жазаланатынын айтылып отырады. Қызметкерлердің халықпен жұмыс жасауда мәдениеті мен ашықтығы, жұмыс барысында заңдылықтың сақталуы күнделікті назарда ұсталады.

Бірнеше жыл бұрын «Қазынашылық-Клиент» мемлекеттік мекемелер арасындағы электронды құжат айналымы жобасының тұсауы кесілді. Бұл уақыт талабынан туған, қаржыны басқарудың халықаралық тәртіптеріне сәй келетін шешім еді. Осы жобаның арқасында республика бойынша барлық операциялардың ашықтығына қол жетті. Сондай-ақ, мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету уақыты қысқарды, қағаз-бастылық азайды, қаржылық

құжаттарды өңдеу сапасы жақсарды. Операциялық және әкімшілік шығындар азайды.

Бұл — жемқорлық фактілерін болдырмау және оның алдын алудың жолы. Мемлекеттік мекемелерге қашықтықтан қызмет көрсететіндіктен, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлерімен бетпе-бет кездесіп қызмет көрсетілуі шектеліп, құжат тымділігі арта түсті. Әкімшілік кедергілер әлдеқайда азайып, адами фактордың кесірінен болатын қателер де кемді.

Қаржы министрілігінің 2017-2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына сәйкес қаржылық құжаттарды өңдеу уақытын кезең-кезеңімен 8 сағаттан 4 сағатқа дейін төмендету көзделген. Қазынашылық департаментінде және оның құрылымдық бөлімшелерінде сенім телефоны үздіксіз, жүйелі түрде жұмыс істейді.

Біздің елде сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы

нормативтік-құқықтық актілер қабылданған. Департаменттің әрбір мемлекеттік қызметкері қылмыстың соңы жазаға апаратынын біледі.

Мұндай қылмысқа бейімдер қанша дәрлік оқып, жаза жайына қанық қыланса да, теріс әрекетке баруы ықтимал. Өйткені, мен, қаза қатан болған сайын қылмыс та соғұрлым азаятын анық.

Департаменттің әділет жөніндегі уәкілі жылына екі рет ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды анонимді сауалнама арқылы зерделейді. Қызметтік этика нормаларын орындау барысына мониторинг жасап, түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отырады. Аудандық, қалалық қазынашылық басқармаларының қызметкерлеріне де қолайлы моральдық-психологиялық климат қалыптастыруға ықпал жасайды.

Қоғамның барлық саласында жемқорлықты түп тамырымен жою болсақ, мемлекет дамуы одан сайын қарқын алып, шыққан шынымыз да бітпекте.

Ә.ДҮЙСЕНБАЕВ,
облыс бойынша
қазынашылық
департаментінің басшысы.

АДАЛДЫҚ

Жұмыс нәтижесіз емес

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаменті жаңындағы ведомстваралық топ үздіксіз жұмысты жалғастырауда. Жұмырда оның кезекті отырысы ұйымдастырылды. Департамент басшысы Нұрман Талқанбаевтың төрағалығымен өткен жиында екі маңызды мәселе қаралды.

Мәдірі ҚАЛЫМБЕТ.

Бірінші кезекте облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің жұмысы сараланды. Департамент басшысы Ғалымжан Орыннов ауқымды істерді атап өтті. Облыста бейресми жұмыспен қамтылғандарды заңдастыру және сапалы жұмыс орындарын құру

бойынша 2019-2021 жылдарға арналған Жол картасы қабылданғанына тоқталды. Мемлекеттік кірістер органдары салықтық құқықбұзушылықты болдырмау мақсатында бақылау жұмыстарын күшейткенін, осындай бақылаудың нәтижесінде бекітілген талап-

тарға немқұрайлы қарап, заң нормаларын атаған бірқатар салық төлеушілер анықталғанын алға тартты. Сондай-ақ, мемлекеттік қызмет көрсетуді автоматтандыру — заманауи технологияның көмегімен қызмет сапасын жақсартып, жемқорлықтың тамырына балта шабуға сеп болғанын, бүгінгі күнге дейін қызметкерлер 410931 мемлекеттік қызмет көрсеткенін жеткізді.

Келесі болып «Ақпараттық талдау орталығы» ҚММ директоры Сәулет Сахиев сөз алды. Оның айтуынша, билікпен халық арасындағы байланыстың дәнекері болған

орталықтың жұмысы ширақ. Мекеме бныл мемлекеттік қызметтер қорсету сапасына қоғамдық мониторинг жүргізген. Нәтижесі көңіл қонштырды. «Электрондық үкіметтің» веб-порталында көрсетілген қызмет нәтижесіне азаматтардың 94,9 проценті қанағаттанғанын көрсеткен. Жұмыс тобының мүшелері бұл ретте орталықтың қоғамдық-саяси ахуалды, өңірдің тұрақты дамуын жан-жақты зерделеу жұмысына оң баға берді. Сонымен қатар мониторинг жүргізу тәсілдерін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстарын ортаға салды.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жарғысына, Құрылтай шартына енгізу, Әділет басқармасына тіркеу;
2. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС құрылтайшыларын одан әрі қаржыландыруға «Ағарлық несиелендіру» АҚ-нан жылдық 20 пайызға дейін, 20 сәуір 2046 жылға дейін ашылған несиелі жетістік ұлғайтып, несиелі жетістік бекіту туралы және осы несиелі жетістік камтамасыз ету мақсатында «Ағарлық несиелендіру» АҚ алдындағы міндеттемелерді орындауды камтамасыз етуге кепілге серіктестіктің балансындағы жеңіл автокөліктерді қалың қонға және сәт рәсімдерін сату құқығымен келісім беруі туралы және серіктестіктің депозиттік шотындағы ақша қаражатын кепілге қонға, акцисіз шығатын шаруа

құқығымен келісім беру;
3. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС-ның Басқарма мүшелері мен Кредиттік Комитет құрамына өзгерістер енгізу;
4. «Ағарлық несиелендіру» АҚ арқылы несиелендіруді рәсімдеудің жаңа басылымдағы шарттары мен т.б. ережелерін бекіту;
5. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС-ның Жарғылық қорынан берілетін несиелік шарттары мен т.б. ережелерін қайта қарап бекіту;
6. «Кредиттік серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 28 наурыздағы №40 заңына өзгерістер енгізілуіне байланысты серіктестіктің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

7. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС-ның басқармасына заңға сәйкес, кредиттік серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының кейбір құзыреттерін беру;
8. «Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС құрылтайшылары арасында несиелі лимиттің болу туралы.
Сонымен қатар құрылтайшылар күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлерін бар болса, жиналыс ашылғанға дейін 10 күн ішінде серіктестікке ұсынуларында, жиналысқа міндетті түрде қатысуларында ұсыраймыз.

«Сырдария-1» кредиттік серіктестігі ЖШС әкімшілігі.
(БИН: 040 540 001 348)

Патент режимін қолданушы салық төлеушілердің назарына!

Патент режимін қолданатын дара кәсіпкерлер патенттен басқа салық режимдеріне қошу үшін салық салу режимін таңдап, кірістер органдарына электронды түрде (салық төлеушінің кабинеті арқылы) немесе қағаз тасығышта хабарлама (салық салудың қолданылатын режимі туралы хабарлама) жіберуі қажет.

2020 жылдың 1 қаңтарына дейінгі мерзімде хабарлама ұсынылмаған жағдайда салық төлеу

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов қала тұрғыны, I топ мүгедегі Бақытқұл Қосаеваның отбасында болып, мерекемен құттықтады. Жігерлі жанның бастамасына қолдау білдіріп, жағымды жаңалығын жеткізді.

Ғазиза ӘБІЛДА.

«Менің кәсібім» – жаңа мүмкіндік

– Тәуелсіздік – ел тарихында тасқа танба басқандай ұлағатты ұғым. Бұл ұғымның аясында еліміздің өткені мен бүгінгі саралап, жарқын болашағы жайлы ой түйеміз. Егемендіктің алғашқы жылдарында ел экономикасын көтеру бағытында түрлі шаралар қабылданып, уақыт өте келе халықтың тұрмысы тұрақталды. Ал бүгінгі таңда ел ішіндегі әлеуметтік мәселелерді шешуге көңіл бөлініп отыр. Әсіресе, әлеуметтік осал топтағы азаматтарға барынша қолдау көрсетіліп келеді. Соның бір көрінісі – таюуда ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бастамасымен «Менің кәсібім» атты жоба қолға алынған болатын. Осы жобаның аясында сіздің де отбасында отырып, кәсіптен айналысуыңызға толық жағдай жасалуда, – деді облыс әкімі.



арманы орындалған сияқты.

Нақтырақ айтсақ, жағарыда аталған «Менің кәсібім» атты жоба облыс көлемінде пилоттық негізде жүзеге асырылып отыр. Облыс әкімдігі мен жоба авторы Айжан Нұрланованың арасында қабылданған ынтымақтастық меморандумы аясында жобаға қатысушы 10 азаматқа қажетті құрал-жабдықтар табысталады. Олардың қатарында алғашқы болып Бақытқұл Қосаева соңғы үлгідегі компьютер, түрлі-түсті принтер, ламинаттау құрылғысына қол жеткізді.

– Қуанышымыда шек жоқ. Енді мен де өз кәсібімді ашып, қала тұрғындарына компьютерлік қызмет көрсете аламын. Қолдау тапқан облыс әкіміне алғысым шексіз, – дейді Бақытқұл Қосаева.

ТӘУЕЛСІЗДІК ПЕРЗЕНТТЕРІ

Айман алған асу

Қасым Аманжоловтың «Сен неткен бақыттың едің, келер ұрпақ! Қараймын елесіңе мен таңырқап...» деген жазымы жайлы бүгінгі жастарға қарата айтуға болады. Шынында, қазір бізге жол ашық. Сапалы білім алып, кәсіпін маман атануға келері жоқ. Сондықтан болар, үздіктер қатарынан табылып, жетістікке жету жолында аянып қалмайтын жастар көп. Олардың ішінде жанақорғандық Айман Назарбекқызы бар. Жуырда Айман «Вітін оркестрі» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырған «XXI ғасыр қолбасшысы» халықаралық үздік студенттер байқауында топ жарды.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ.



тің қоғамдық өмірінен қалыс қалмауға тырысамын. Байқау жеңімпазы атануым соның нәтижесі, – дейді жерлесіміз.

Кейіпкеріміздің айтуынша, бұл жай сайыс болмаса керек. Оған қатысуға жүздеген студент ниет білдірген. Байқау барысында әрбір қатысушының креативтілігі, білімі есепке алынған. Мұндайда қатарластарының арасынан суырылып шығуың, өзіңді дәлелдей білуің де үлкен еңбекті талап етеді.

– Жастар мобильді болуға тиіс. Мен осы қағиданы ұстанамын. Шығармашылыққа жақынмын, сайыстардан шет қалған



еңбек пен сенім алға жетеледі. Нәтижесінде қорқыныш билеген түсініксіз сезім артта қалды. Қазір «Механика-математика» факультетінің студентімін. Оқу үлгерімім үнемі жетілдіріп отыру оңайға соқпайды. Дегенмен, қиындыққа мойымаған жөн. Неғурлым қиындық болған сайын, соғұрлым білікті бола түссін деп білемін және университет-

емеспін. Бірнеше байқауда жүлделі болдым, ғылыми жобаларда шыңдалдым. Ал, мына бәсеке маған үлкен мотивация берді. Өзіме деген сенім күшейді, – дейді ол.

Әңгіме барысында біз де Айманның осы қарқыннан таймай, ізденуін жалғастырсақ, болашақта арманына қол жеткізетініне сенім білдірдік.

Сапалы білім – жарқын болашақ кепілі

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, 2020 жылдың I қаңтарынан бастап бакалавриат, магистратура, докторантура студенттерінің стипендиясы 25% көтеріледі. Еліміздегі барлық жоғары оқу орындарының білім алушы жастарының шақиртақынсыз қобейтетінін естіп, өз басым қуанып отырмын. Бұл жаңалық көптеген жастың білім көзкеңітін кезеңіне даңғыл жол ашады деген ойдымын.

Сондай-ақ қазіргі таңда оқу оқып, білім алып жатқан жастарға бұл деген керемет мотивация. Тамаша мүмкіндік. Мәселен, Жастар жылының өзінде білім беру мазмұнына сәйкес бірқатар оң өзгерістер орын алды.

Сапалы ұрпақ сапалы білім алып қана қоймай, сондай-ақ Халықаралық білім беру ұйымдарымен бірлесіп тәжірибе алмасуына да жағдай жасалуда.

Келешегі кемел, болашағы жарқын біз сияқты жастарды қолдауға арналған мұндай бастамалар арта берсін деген ниеттемім. Ал біз жастар өз тарапымыздан



Отанымыздың өсіп-өркендеуіне, қарыштап дамуына қызмет етіп, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясының жүзеге асуына тамшыдай болса да үлес қосуды мақсат тұтып отырмыз.

Піржан ТӨЛЕГЕН, Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың Химия мамандығының 4-курс студенті, Президент стипендиясының иегері.

Әсем өрнектер әлемі

Тәуелсіздік – қазаққа келген құт. Қазақ азаттығын алған кезде қай салада болмасын жаңашылдық орын алды. Еліміз деген ел ағалары тың істерге серпін берді. Бүгінде жас буын соның жемісін көруде. Солардың бірі – Гүлбақыт Ізім. Жалынды жас қазір ұлттық мәдениетті нығайтқан асқақтатып, қазақшылдығымызды дәріптеп жүр. Биыл сүйікті ісін кәсіп көзіне айналдырып, қала орталығынан «Izifashion» ателесін ашты.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ.

– Ата-анам бұрынғыдай өз бетіммен қандай да істі итеріп ақету қиын болғанын, ал қазір тұғырлы тәуелсіздіктің арқасында ел көркейіп, кәсіпкерлік өрісі кеңейгені, халықтың жағдайы әлдеқайда жақсарғанын қуанышпен айтып отырады. Бір жағынан, тәуелсіз ел атанып, жаңа өмір бастаған Қазақстанмен бірге өсіп-өркендеу бізге үлкен сынақ деп білемін. Себебі, еліміз басынан түрлі оқиға кешті. КСРО ыдырағаннан кейін барлығын жаңадан бастаған ел үкімет құру, заң қабылдау, жұмыссыздық, тауар тапшылығы, валюта ауысуына байланысты қиындықтарды басынан өткерді.

Осы кезеңдерді өткізіп, іргесі берік, ынтымағы мықты, саяси тұрақтылығы жоғары мемлекет екенімізді дәлелдедік. Егемендіктің жасампаз көріністері қоғамдық өміріміздің қай саласында да өзіндік айшығымын аңғарылуда. Мемлекет тарапынан барлық салаға қолдау артқан. Жастардың да әрбір бастамасы елеусіз қалып жатқан жоқ. Тек осы уақыткершілікті сезініп, өзімізге жүктелген сенім үдесінен шығу қажет, – дейді ол.

Бүгінде Гүлбақыт жұртшылықты әсем дүниелерімен таңғалдыруда. Ұлттық дәстүрдің парқын білетін жас шебердің бос уақыты аз, тапсырысы көп. Қолы қалт етсе, тігін машинасына отырады. Еуропалық киімдерді өзіміздің ұлттық нақыштағы ою-өрнектермен безендіріп, жарыққа шығарып, қолданып, қыз жасауын дайындайды. Сән үлгілерін құлыптып жасауға ниетті. Кәсіпін шеберлігінің жоғары дәрежеде болуы оң алдына, осы өнерді олар әрі



дамытып, жетілдірсем дейді. Осылайша, ол тәуелсіз елдің қарыштап дамуына тамшыдай болсын өз үлесін қосуды қалайды.

– Қолдаушыларым көп болғандықтан да бұл іс қарқын алды. Қазір шағын ұжымымыз қалыптасқан, 6 адам еңбек етеді. Биылғы жылдың «Жастар жылы» ретінде белгіленуі бізге үлкен серпін берді. Облыстық жастар форумында да аймақ басшысы тілектестігін білдірді. Демеге ризамын. Алдағы уақытта да туған өлкеміздің өрістеуіне күш саламын. Кәсіпімді түрлі мемлекеттік бағдарламалар арқылы дамыту ойыма бар. Тігіннің қыр-сырын үйретіп оқыту орталығын ашуды жоспарлап отырмын, – дейді Гүлбақыт.

Иә, жүрек қалауымен атқарылған істің қайтарымы болатын сөзсіз. Гүлбақыт та еңбектің еселеніп, оның игілігін көретін құн алыс емес екендігіне сенімді.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Газетіміздің келесі саны 19 желтоқсан, бейсенбі күні шығады.

Простатит, аденома, зәр шығарудың бұзылуы, эректильді бұзылыстар... БІР-БІРІМЕН БАЙЛАНЫСЫ НЕДЕ?

Ер адам ағзасының құрылымы бойынша көптеген еркектер ертегі ме, кеш па созылмалы простатитпен немесе простата аденомасымен ауырады. Бұл екі дерт әртүрлі себептерден пайда болады, бірақ екеуі де ағзада бір-біріне ұқсас белгілерді береді, ол зәр шығарудың бұзылуы, жүйсиздік және әртүрлі ауыртпашылық және да мынысыз қызметтің бұзылуы.

Мұнда да ісінген қуық асты безі простатиттегі сияқты ұртрақты және ұрық жолдары жабады, осыдан зәр шығарудың бұзылуы пен әртүрлі ауру белгілері пайда болады. Ал тестостеронның төмен деңгейі, еркектік қабілеттілікті нашарлатады.

Өз кезегінде, егер зәр шығару бұзылса, қалдық зәр – зәр шығару жүйесіндегі басқа органдарда жанадан қабыну процесін туғындайды.

Назар аударыңыз, тиімді науқан жүруде!

«Мастер Мен»-нің 2 қорбаңына тапсырыс бергенде -20% жеңілдік, ал 4 қорбаңына -40% жеңілдік жүреді.

Науқан бойынша тауарлар саны шектеулі. Қазақстанның кез келген нүктесіне жеткізу бір күн ішінде.



БАД, дәрілік ем болып табылмайды

«Мастер Мен» жөніндегі толығырақ ақпаратты алу мен тапсырыс беру үшін 8 (727) 345 11 11 (көп арналы) телефон нөмірінен немесе master-man.kz сайтынан ала аласыз.

АРТРИТ? АРТРОЗ? ҚАШАҢҒЫ ТӨЗУГЕ БОЛАДЫ?!

Қазіргі уақытта адамдарда тірек-қимыл аппаратының аурулары, артрит және артроз жиі кездеседі. Әсіресе, егде жаста – ағзаның ресурстары әлсіреген, сүйек және шеміршек тінінің регенерациясына қажетті аминқышқылдары, витаминдер мен минералдар жетіспеген кезде, бұны аурулары ерекше қауіп төндіріп, беің ала бастайды.

Артрит және артроз көбінесе жамбас-сан, тізе, тобық-табан буындарына, омыртқа мен қолдың білезік буындарына әсер етеді. Әдетте, бұл түрлі сипаттағы аурулармен, қимыл-қозғалыстың қиындығымен қатар жүреді және емделмеген жағдайда шеміршек пен сүйек тінінің семюіне әкеледі.

Ең ауыр бұл асқынбалы ауру екендігін уәке көреп, оны емдемеген жағдайда, науқастың мүгедек болып қалуы ықтимал. Сіз маманның көмегіне дер кезінде жүгіңіз, сауығып кету мүмкіндігінің соғұрлым көп болады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! НАУҚАН ЖҰРУДЕ! АРТРОЗЕРВЕР КУРСЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ТАПСЫРЫС БЕРСЕҢІЗ -30% ЖЕҢІЛДІК!

«Артрозерв» қажетті сынақтардың барлығынан өтіп, отандық және халықаралық құжаттармен мақұлданаған.



Мына телефон бойынша тірек-қимыл аппараты аурулары жөнінде кеңес ала аласыз және «Артрозервке» тапсырыс бере аласыз 8 727 321 11 88 немесе artroreserve.kz сайты арқылы.

Сондай-ақ, біздің мамандар басқа да ауруларға арналған курсық бағдарламаны таңдап бере алады. Орталығымыз инновациялық еуропалық және батыс препараттарын қолданады, олар жақсы нәтиже көрсетеді. Сіз оларды біздің орталығымыздан, Алматы қ., Абай даңғылы 151 мекен-жайындағы, «Алатау» Бизнес Орталығынан сатып ала аласыз және ТМД-ның кез-келген жеріне кuryerлік жеткізіліміне тапсырыс бере аласыз.

Негізгі әсер етуші заттар: препарат құрамына химиялық құрауыштар кірмейді. Мөлшері және қолдану тәсілі: қабылдау уақыты 1 айдан бастап. Қарсы көрсеткіштері: жеке құрауыштарының сәйкес келмеуі, ұйқысыздық, жүйділік, қозуы.

CPP RU. 77.99.88.003.E.004174.09.18 20.09.2018 ж.

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициқталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboy@yandex.kz / www.syrboy.kz

Таралымы 29535 Тапсырыс №1962

Кезекші редактор Айнур БАТТАЛОВА.